




Полиция подполковнигі әрбір қатысушының өз саласында тиімді жұмыстар атқарып, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды үйлестіріп, отбасылық кеңес беру мен құқықтық ақпараттандыруды жүйелі жүргізу қажеттігін айтты.

2-БЕТ | ҚҰҚЫҚ



Қазір цифрлық сервистердің мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Мәселен, eGov.kz порталы арқылы тұрғындар үйден шықпай-ақ түрлі анықтамалар алып, балабақшаға кезекке тұрып, мүлікті тіркей алады.

3-БЕТ | ҚОҒАМ



«Өмір-ғайып» кітабы мен «Жоламан» спектаклі – қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін, жүрекке үміт ұялататын маңызды мәдени жобалар. Бұл бастама өнерде шекара жоқ екенін, ал шынайы талант пен рухани күш кез келген кедергіні еңсере алатынын дәлелдейді.

4-БЕТ | МЕРЕЙ

№13 (203)

4 СӘУІР
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Ақмола облысының фермерлері ҚОСШЫДА БАС ҚОСТЫ

Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Қосшы қаласында Ақмола облысының фермерлерімен кездесті.

Айта кетсек, Ақмола облысы – еліміздегі жетекші аграрлық өңірлердің бірі. Өңір экономикасындағы ауыл шаруашылығының үлесі шамамен 15%-ды қамтиды. Былтыр мұнда 7,6 млн тонна астық жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген болатын. Бұл көрсеткіш – республикадағы жалпы өнімнің төрттен бірінен астамы.

Өңірде егіс алқаптарын әртараптандыру да қарқын алып келеді. Былтыр майлы дақылдар көлемі алғаш рет 500 мың гектарға жетіп, 2,5 есе ұлғайды. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, биыл бұл көрсеткішті 580 мың гектарға дейін арттыру жоспарланған. Жалпы егіс көлемі 5,6 млн гектарды қамтиды.

Кездесуде Салық кодексіндегі жаңа нормалар мен мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары талқыланды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин бұл жоспар саладағы жүйелі мәселелерді, әсіресе, өндірістің барлық кезеңіндегі қаржыландыру тапшылығын шешуге бағытталғанын атап өтті. Жобаны іске асыруға 374 млрд теңге қарастырылған.

Наурыз айынан бастап жылдық мөлшерлемесі 6%-дан аспайтын «Игілік» және «Береке» несиелік бағдарламалары іске қосылды. Олар асыл тұқымды мал сатып алуға арналған. «Игілік» бағдарламасы орта шаруашылықтарға (100-500 ірі қара, 500-1000 ұсақ мал), ал «Береке» ірі шаруашылықтарға (500 ірі қара және 1000 ұсақ мал) бағытталған. Алдағы уақытта басқа мал түрлеріне де жеңілдетілген несиелер қарастырылмақ.

Серік Жұманғарин импортқа тәуелді азық-түлік өндірісін дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу негізгі басымдық болып қала беретінін алға тартты. Оның айтуынша, 2026 жылы мал шаруашылығын елдің бәсекелестік



Фотосурет: Ұлттық баспасөз қызметі

артықшылығына айналдыруға ерекше назар аударылады.

Кездесуде диқандар бірқатар ұсыныс айтты. «Отан» агрофирмасы» ЖШС басшысы Иван Сауэр жер ресурстарына байланысты тиімділіктің нақты көрсеткішін белгілеуді және оны мемлекеттік қолдау көрсету кезінде ескеруді ұсынды. Сондай-ақ жыл бойы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту қажет. Ал бұл оның рентабельділігін сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аграрлық селекциялық жұмыстарды, атап айтқанда, қолдан ұрықтандыру

ісін дамытуға, отандық және импорттық асыл тұқымды малды субсидиялау шарттарын теңестіруге баса назар аударылды. Оның айтуынша, отандық асылтұқымды мал сырт жердікінен кем түспейді және жергілікті жағдайға толықтай бейімделген.

Бизнес өкілдері нақты мәселелерді қозғады. «Логос грейн» тобының директоры Арман Құдайбергенов ауыл шаруашылығы өнімін экспорттаушыларға ҚҚС өтеу тегігі бойынша сұрақ қойып, астықты экспортқа жеткізуге көліктік субсидия төлеу мерзімін нақтылады.

«Agro Milk Projekt» ЖШС директоры Юрий Швец 2024 жылы ӘКК арқылы жеңілдікті несиеге сүтті мал сатып алып, 400 басқа арналған ТСФ құрылымын өз бетінше тұрғызғанын айтты. Жақын арада кәсіпорын кеңейтіліп, тағы 300-ге жуық сүтті мал сатып алуды жоспарлап отыр.

Құрылыс-монтаж жұмысын жеңілдікпен несиелеу мүмкіндігі мәселесі де көтерілді. Барлық сұраққа аграршылар толық жауап алды.

(Жалғасы 3-бетте)

Фотосурет: қала әкімдігінің ресми парақшасынан

ТАЗА БЕЙСЕНБІЛІК

2 СӘУІР
15:00

ҚАЛАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫНА ӨЗ ҮЛЕСІНДІ ҚОС...

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»

ҚАЛАНЫҢ КӨРКІН АША ТҮСТІ

Қосшы қаласында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру мақсатында «Таза бейсенбі» кең ауқымды тазалық акциясы өтті. Оған мемлекеттік мекеме қызметкерлері, коммуналдық шаруашылық мамандары, мердігер ұйымдардың жұмысшылары және қала жастары белсене қатысып, аймақ тазалығы үшін ортақ іске жұмылды.

Ауқымды сенбілік аясында қала көшелері мен қоғамдық орындарда тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қатысушылар жол жиектерін, жаяу жүргіншілер аймақтарын, саябақтар мен аулаларды қоқыстан тазартты. Әсіресе, көктемгі мезгілде жиналатын тұрмыстық қалдықтар мен ұсақ қоқыс-

тарды жинау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Нәтижесінде бірнеше тонна қалдық арнайы белгіленген орындарға шығарылып, тиісті мекемелердің бақылауына тапсырылды.

Шарада экологиялық мәдениетті насихаттау да басты назарда болды. Қатысушылар тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, тұрғындарға қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Белсенді жастар қала тұрғындарын тазалықты сақтауға, қоқысты бей-берекет тастамауға және қоғамдық орындарды күтіп ұстауға шақырды.

Коммуналдық қызмет мамандарының айтуынша, мұндай акциялар қаланың санитарлық жағдайын жақсартумен қатар, тұрғындардың өз ортасына деген жанашырлығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қала тазалығы тек арнайы қызметтердің ғана емес, әрбір тұрғынның ортақ міндеті екені осы шарада айқын көрініс тапты. Ұйымдастырушылардың пікірінше, жүйелі түрде өткізілетін мұндай шаралар ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, бұл акция алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізілетін болады. Негізінен Қосшы қаласының экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған.

Айта кетсек, «Таза бейсенбі» акциясы – қоғамды біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдыратын игі бастама. Мұндай шаралар тұрғындардың санасында тазалық пен тәртіптің маңызын нығайтады деп сенеміз.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

«Saiman Citybus» ЖШС, БСН 191240015718 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 20 үй, н.п.1. тел.: 8 747 105 24 34.

ТОО «Saiman Citybus», БИН 191240015718 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Казахстан, г. Астана, р-н Сарыарқа, ул. Аліби Жангелдин, д. 20, н.п.1. тел.: 8 747 105 24 34.

«НАМед Clinic» ЖШС, БСН 200540013070 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Айнабулақ 3 шағын ауданы, 104 үй. тел.: 8 707 412 79 11.

ТОО «НАМед Clinic», БИН 200540013070 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Жетісуский р-н, микрорайон Айнабулак 3, д.104. тел.: 8 707 412 79 11.

«RNB Trade» ЖШС, БСН 180140032938 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Баишева көшесі, 228А үй. тел.: 8 707 784 82 80.

ТОО «RNB Trade», БИН 180140032938 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Жетісуский р-н, ул.Баишева, д.228А. тел.: 8 707 784 82 80.

«Айгерим 9702» ЖШС, БСН 240440015108 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау ауданы, Ақтау қаласы, 1 шағын ауданы, 8 үй, 2 кеңсе. тел.: 8 705 816 45 71.

ТОО «Айгерим 9702», БИН 240440015108 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Мангистауская обл., Ақтау, микрорайон 1, д.8, офис 2 тел.: 8 705 816 45 71.

«Мама, я здоров!», Жеке қайырымдылық қоры, БСН 230840006242 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 8/1 үй, 43 пәтер. тел.: 8 778 276 14 56.

Частный благотворительный фонд «Мама, я здоров!», БИН 230840006242 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Шәймерден Қосшығұлұлы, д.8/1, кв.43. тел.: 8 778 276 14 56.

«Kaz Engineering Services» ЖШС, БСН 220440038728 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хан даңғылы, 27 ғимарат. тел.: 8 778 228 88 80.

ТОО «Kaz Engineering Services», БИН 220440038728 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, проспект Абылай хана, здание 27. тел.: 8 778 228 88 80.

«ZZhanna» ЖШС, БСН 251040028354 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 39/1 үй, 147 пәтер. тел.: 8 776 123 00 88.

Товарищество с ограниченной ответственностью «ZZhanna», БИН 251040028354 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Казахстан, г. Астана, р-н Есиль, улица Хусейн бен Талал, дом 39/1, кв.147. тел.: 8 776 123 00 88.

«U.A.N.A» ЖШС, БСН 231240015926 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 142 үй, 18 пәтер. тел.: 8 708 484 27 61.

Товарищество с ограниченной ответственностью «U.A.N.A», БИН 231240015926 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г. Тараз, ул. Казыбек би, д.142, кв.18. тел.: 8 708 484 27 61.

Радикалды идеологиядан сақтану: алдын алу жолдары

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпарат ағынының шексіздігі мен түрлі көзқарастардың қатар өмір сүруі қоғам үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар, қауіп-қатерлерді де алып келді. Соның ішінде радикалды идеология мәселесі – тек бір өңірдің емес, бүкіл әлемнің өзекті проблемаларының бірі. Бұл құбылыс қоғамның тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздікке және азаматтардың бірлігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Сондықтан Қосшы қаласының тұрғындары үшін де радикалды идеологиядан сақтану, оның алдын алу жолдарын білу аса маңызды.

Фотосурет: gov.kz



Радикалды идеология – белгілі бір көзқарасты абсолютті ақиқат деп қабылдап, өзге пікірлерді жоққа шығаратын, кей жағдайда зорлық-зомбылықты ақтайтын бағыт. Мұндай ағымдар көбіне жастарды, өмірлік тәжірибесі аз, ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алмайтын азаматтарды өз қатарына тартуға тырысады. Олар әлеуметтік желілер, түрлі сайттар мен жабық топтар арқылы үгіт-насихат жүргізіп, адамдардың сеніміне кіруге әрекет етеді.

Осындай қауіптердің алдын алудың ең тиімді жолы – ақпараттық сауатты арттыру. Әрбір азамат кез келген ақпаратты қабылдамас бұрын оның қайдан шыққанын, қаншалықты сенімді екенін тексеруі қажет. Әсіресе діни немесе саяси мазмұндағы материалдарды зерттегенде ресми дереккөздерге сүйенген маңызды. Қосшы қаласында бұл бағытта мектептер мен колледждерде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жастардың сыни ойлау қабілетін дамытуға баса назар аударылуға тиіс.

Отбасының ролі де ерекше. Ата-аналар балаларымен ашық сөйлесіп, олардың қызығушылықтары мен ортасын бақылауда ұстауы керек. Сенімді қарым-қатынас орнаған отбасында бала күмәнді ақпаратқа кезіккенде ата-анасынан кеңес сұрауға қорықпайды. Бұл – радикалды идеялардың алдын алудың маңызды тетігі.

Сонымен қатар қоғамдағы бірлік пен өзара құрмет мәдениетін нығайту қажет. Түрлі көзқарастарға төзімділік танытып, пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру – радикализмге қарсы тұрудың тиімді жолдарының бірі. Қосшы қаласында мәдени іс-шаралар, қоғамдық кездесулер мен жастар форумдарын өткізу арқылы тұрғындардың өзара байланысын күшейтуге болады.

Радикалды діни ағымдар адамдарды өз қа-

тарына тарту үшін алдымен психологиялық тәсілдерді шебер қолданады. Олар көбіне адамның әлсіз тұстарын жалғыздық, өмірлік қиындықтар, әділетсіздікке деген реніш немесе өзін қоғамнан шет сезіну сияқты күйзелістерді дәл таба біледі. Осындай сәтте «түсінетін», «қолдайтын» адам кейінде жақындасып, сенімге кіреді. Біртіндеп қарапайым әңгімеден бастап, діни тақырыптарға ойысып, өз идеологиясын «шындықтың жалғыз жолы» ретінде ұсынады. Бұл үдерісте адамға ерекше таңдалған, «арнайы миссиясы бар» тұлға екені жиі айтылып, оның өзіндік маңыздылық сезімі күшейтіледі.

Сонымен қатар радикалды топтар ақпаратты іріктеп беру арқылы адамның ойлау жүйесіне ықпал етеді. Олар қарама-қайшы пікірлерді әдейі жоққа шығарып, тек өз көзқарасын қолдайтын деректерді ғана көрсетеді. Уақыт өте келе адам баламалы ақпараттан алшақтап, сыни ойлау қабілеті әлсірейді. Кей жағдайда қорқыту, кінә сезімін тудыру немесе «біз және олар» деген қарама-қарсы ұғымдарды қалыптастыру арқылы психологиялық қысым жасалады. Нәтижесінде адам топтың ықпалына өз еркінен тыс түсіп, олардың айтқанын ақиқат деп қабылдай бастайды.

Жалпы, радикалды идеологиядан сақтану – әр адамның жеке жауапкершілігі мен бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ақпараттық сауат, отбасы тәрбиесі, қоғамдық бірлік және мемлекеттік қолдау үйлесім тапқанда ғана біз бұл қауіптің алдын алып, тұрақты өрі қауіпсіз қоғам құра аламыз.

«ALDASPAN» талдау орталығы»,
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт бөлімінің
мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы
бойынша

Ведомствоаралық жұмыс тобы пікір алмасты

Қосшы қаласында қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Отырысқа Қосшы қаласы ПБ ҚҚБ бастығы, полиция подполковнигі Берік Бейсенов төрағалық етіп, оған ПБ ҚҚБ ОТЗЗҚК тобының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Әсел Қалыбекова, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Сания Казенова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қорғау орталығы» КММ өкілі Жанар Жүсіпова, білім бөлімінің маманы Мөлдір Қазиева, Аналар кеңесінің төрағасы Әйгерім Кукеева қатысты.

Отырыстың басты тақырыбы отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның жолын кесу және отбасылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу мәселелері болды. Қатысушылар өз салалық тәжірибелері мен ұсыныстарын ортаға салып, нақты әрекеттерді жоспарлады.

Берік Бейсенов қазір отбасылық зорлық-зомбылық қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Ол зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету мен олардың құқығын қорғау жүйесін күшейтудің маңыздылығын атап, ведомствоаралық жұмыс тобының рөліне ерекше мән берді. Полиция подполковнигі әрбір қатысушының өз саласында тиімді жұмыстар атқарып, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды үйлестіріп, отбасылық кеңес беру мен

құқықтық ақпараттандыруды жүйелі жүргізу қажеттігін айтты.

Әсел Қалыбекова өз кезегінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу үшін инспекторлық топтардың жүргізетін профилактикалық жұмысын түсіндірді. Ол полиция қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлер арасындағы үйлесімді байланысты нығайту қажеттігін, отбасыларға психологиялық қолдау көрсетуді және құқықтық кеңес беруді жалғастыру керектігін атап өтті.

Сондай-ақ Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мамандары мәдени-ағартушылық іс-шаралардың зорлық-зомбылықты азайтуға қосар үлесін алға тартты. Олар тұрғындарға арналған семинарлар, тренингтер, отбасы құндылықтарын насихаттайтын акциялар өткізу жоспарларын ұсынды. Бұл іс-шаралар отбасы мүшелерінің арасындағы түсіністікті арттыруға және әлеуметтік шиеленістерді азайтуға бағытталған.

Ал Әйгерім Кукеева Аналар кеңесінің атқаратын ролі туралы айтты. Осы орайда алдымен әлеуметтік дағдарысқа ұшыраған отбасыларға қолдау көрсетудің маңыздылығына тоқталды. Консультанттар мен әлеуметтік қызметкерлер өзара тәжірибеле алмасып, отбасылық мәселелерді шешуге бағытталған практикалық ұсыныстарын ортаға салды.

Фотосурет: Қосшы қаласының ПБ



Ақмола облысының фермерлері ҚОСШЫДА БАС ҚОСТЫ

(Басы 1-бетте)

Жұмыс сапары аясында Серік Жұманғарин өңірдегі бірқатар кәсіпорнды аралады. Соның бірі – «Алтын Қазық» ЖШС. Кәсіпорын шикізат өндіруден бастап, дайын өнім шығаруға дейінгі толық циклді қамтиды. Оның құрамында бордақылау алаңы, сою цехы, ветеринарлық зертхана, көкөніс қоймасы және шұжық өндірісі бар. Жалпы жер көлемі – 12 мың гектар, оның 1 мың гектары – суармалы. Жылына 10 мың тоннаға

дейін ет өнімін өңдейді. Қазір кәсіпорын Қатарға өнім экспорттап, БАӘ нарығына шығуды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ «IL-TOV» ЖШС (Aitas тобы) зауытында тауық етін терең өңдеу жолға қойылған. Оның ішінде мұздатылған жартылай фабрикаттар да бар. Кәсіпорын жылына 3 346 тонна өнім шығарады. Алдағы үш жылда өндірістік қуатты ұлғайту көзделіп отыр.

Жақын арада ауыл шаруашылығы жануарларының басқа түрлері үшін де несие беру бағдарламалары кеңейтіледі.

Серік Жұманғарин импортқа тәуелділік сақталатын азық-түлік өндірісін дамыту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді тереңдету басымдық ретінде қалып отырғанын баса айтты. Мемлекет бүгінде саланы қолдау құралдарын күшейтіп отыр. Бұл ретте 2026 жылы мал шаруашылығын еліміздің бәсекелестіктің артықшылығы ретінде дамытуға басты назар аударылды.

Ғани АТЫМТАЙ



Фотосурет: Үкіметтің баспасөз қызметі



СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Қосшы қаласында көктемгі су тасқынының алдын алу және санитарлық жағдайды тұрақтандыру мақсатында қар шығару мен еріген қар суларын тарту жұмыстары қарқынды түрде жалғасып жатыр. Қала аумағында коммуналдық қызметтер тәулік бойы жұмыс істеп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. Көктемгі кезеңде қардың жаппай еруі жол қатынасына, тұрғын үйлердің ауласына және әлеуметтік нысандарға қауіп төндіруі мүмкін болғандықтан, бұл жұмыстардың маңызы ерекше.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, 1 сәуірдегі жағдай бойынша қала аумағынан жалпы көлемі 209,7 мың текше метр қар шығарылған. Бұл көрсеткіш коммуналдық қызметтердің жүйелі әрі үйлесімді жұмысының нәтижесін көрсетеді. Сонымен қатар еріген қар суларын тарту жұмыстары да қарқынды жүргізіліп отыр. Есепті кезеңде 27 640 текше метр су сорылып, су басу қаупі бар аймақтарда алдын алу шаралары қабылданған.

Бұл, әсіресе, жеке тұрғын секторлар мен төмен орналасқан аумақтар үшін аса маңызды.

Қаладағы ахуал Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлының тікелей бақылауында. Ол күн сайын жауапты бөлім басшыларымен және мердігер ұйымдармен жедел кеңестер өткізіп, атқарылып жатқан жұмыстар барысын жіті қадағалап отыр. Сонымен қатар нақты тапсырмалар беріліп, әр учаске бойынша жауапты тұлғалар бекітілген.

Қазір қала көшелері, әлеуметтік нысандардың маңы, мектептер мен балабақшалардың аумақтары бірінші кезекте тазартылып жатыр. Сонымен бірге, су жиналуы мүмкін учаскелерде қосымша сорғы құралдары орнатылып, алдын алу шаралары күшейтілді.

Тұрғындар тарапынан да түсіністік пен қолдау бар. Қала халқы коммуналдық қызметтердің еңбегін жоғары бағалап, ортақ қауіптің алдын алу үшін

бірлесіп әрекет етудің маңыздылығын түсінеді. Сондықтан кейбір тұрғын өз аулаларын тазалап, қар шығару жұмыстарына белсенді қатысты.

QR-код
арқылы қараңыз

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: ҚАЛАМЫЗДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Бүгінде мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Цифрландыру үдерісі азаматтар мен мемлекет арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеріп, қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қосшы қаласы әкімінің аппараты да осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Әкімдік баспасөз қызметінің хабарлауынша, қала билігіне цифрлық технологиялардың енгізілуі мемлекеттік қызмет көрсету саласын айтарлықтай жеңілдеткен. Бұрын түрлі анықтамалар алу үшін бірнеше мекемені аралап, ұзақ уақыт кезекте тұру қажет болса, қазір бұл мәселе оңтайлы шешімін тапқан.

Қосшы қаласында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшіріліп, тұрғындарға ыңғайлы жағдай жасалып отыр. Бұл өз кезегінде уақытты үнемдеп қана қоймай, адами фактордың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында тұрақты түрде құқықтық

оқыту семинарлары өткізіледі. Әсіресе, әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талаптарын түсіндіру және оны тәжірибеде қолдану мәселесіне ерекше назар аударылған. Бұл әрбір өтініш берушінің құқығын қорғап, қызмет көрсету кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бүгінде қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуы да қатаң бақылауда. Әрбір өтініш уақтылы қаралып, азаматтардың мәселесін жедел шешу үшін нақты механизмдер енгізілген. Бұл шаралар тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға ықпал етіп отыр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қабылданатын барлық шешім азаматтардың



Фотосурет: қала әкімдігінің ресми парақшасынан

Egov: Сенімділік
және ыңғайлылық

нақты қажеттіліктері мен ұсыныстары негізінде іске асады.

Қазір цифрлық сервистердің мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Мәселен, eGov.kz порталы арқылы тұрғындар үйден шықпай-ақ түрлі анықтамалар

алып, балабақшаға кезекке тұрып, мүлкті тіркей алады. Ал eGov Mobile қосымшасы азаматтарға жеке куәлік пен жүргізуші куәлігі сияқты маңызды құжаттарды смартфон арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ e-Otinish платформасы тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы кері байланысты нығайтудың маңызды тетігіне айналды.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

ТАҒДЫРДАН – ТАҒЫЛЫМ

ЕРЕКШЕ ТЕАТР ЕРЕКШЕ ҚОЙЫЛЫМ ҰСЫНДЫ



«Жоламан» – өмірдің ауыр сынақтарына төтеп берген кейіпкерлер тағдырын арқау еткен әсерлі туынды. Қойылымда жастықтың қателігі салдарынан жаңа туған сәбиінен амалсыз бас тартқан ананың жан күйзелісі, жылдар бойғы сағынышы мен өкініші бейнеленеді. Уақыт өте келе тастанды бала Жоламан елге танымал әншіге айналып, тағдыр үш кейіпкерді қайта тоғыстырады. Ана жүрегі бойтұмар арқылы өз перзентін танып, көптен күткен қауышуға жол ашады.

Аталған қойылымды сахналаған «Qazaq Inclusive Theatre» инклюзивті театры – еліміздегі ерекше мәдени бастамалардың бірі. Бұл театр түрлі физикалық мүмкіндіктері бар жандарды біріктіріп, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Айта кетсек, инклюзивті театр негізінен Қазақстандық «KOZIMNIN QARASI» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің бастамасымен құрылған. Былтыр 5 қыркүйекте өз жұмысын бастаған ұжым бүгінде 25 адамнан тұрады. Олардың басым бөлігі – ерекше қажеттіліктері бар азаматтар. Театр репертуарындағы негізгі қойылым – «Жоламан» спектаклі өзінің тәрбиелік әрі әлеуметтік мәнімен жоғары бағаланған.

Театрдың басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың шығармашылық қабілетін ашу, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және өнер арқылы оңалтуға жағдай жасау. Сонымен қатар сахна мәдениетін қалыптастырып, өз-өзіне

Қосшы қаласында рухани және әлеуметтік маңызы зор ерекше мәдени іс-шара өтті. Қалалық кітапханада қоғам белсендісі, ақын әрі сценарист Жүзбай Серіктің «Өмір-ғайып» атты кітабының таныстырылымы ұйымдастырылып, осы бір тағылымы терең туынды оқырман қауымға кеңінен насихатталды. Кітап желісі бойынша сахналанған «Жоламан» драмалық қойылымы да көрерменге ерекше әсер сыйлап, тағдыр мен үміт, кешірім мен аналық махаббат тақырыптарын тереңнен қозғады.



QR-код арқылы қараңыз

кін пікір алмасты. Шараға арнайы қатысқан Астана қаласы мәслихатының депутаты Мейрамгүл Кенжеғалиқызы кітаптың маңыздылығына тоқталып, авторға қолдау білдірді. Сондай-ақ Қосшы қаласының әкімдігі, мәдениет және спорт мекемелері мен кітапхана ұжымы да бұл игі бастаманың іске асуына өз үлестерін қосқан.

Жалпы, «Өмір-ғайып» кітабы мен «Жоламан» спектаклі – қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін, жүрекке үміт ұялататын маңызды мәдени жобалар. Бұл бастама өнерде шекара жоқ екенін, ал шынайы талант пен рухани күш кез келген кедергіні еңсере алатынын дәлелдейді.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

деген сенімділікті нығайту да негізгі міндеттердің бірі.

Іс-шарада «Өмір-ғайып» кітабының мазмұны мен жазылу тарихы кеңінен таныстырылды. Автордың айтуынша, бұл шығарма – өмірден алынған нақты оқиғаларға негізделген. Жүзбай Серіктің өзі 15 жылдан аса уақыт бойы тастанды балалар тағдырын зерттеп, 100-ден аса баланың өз анасына оралуына себепкер болған. Сондықтан кітап тек әдеби туынды ғана емес, қоғамдағы өзекті мәселені көтеретін маңызды еңбек ретінде бағаланады. Кездесуде қатысушылар авторға сұрақ қойып, ер-



АВТОР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

пай, қоғамға қызмет етуді басты мұрат тұтты.

Ол Жастар театры жанынан ашылған «QANATTYLAR» инклюзивті театрында 4 жыл актер болып еңбек етті. Орта Азияда алғаш рет ерекше жандардан құрылған бұл театрда басты рөлдердің бірін сомдап, өзінің «Өмір-ғайып» атты сценарийі негізінде қойылған спектакль арқылы көрерменнің зор ықыласына бөленді.

2010 жылдан бері «Мирас-А» қайырымдылық қоғамдық қорының президенті ретінде ауқымды әлеуметтік жұмыстар атқарып келеді.

Жасанды түсіктің алдын алу мақсатында «Тәрбие – тағдырың» атты тәрбиелік мәні зор сценарий жазып, оның негізінде қойылған спектакльдер 2012 жылдан бастап мектептер мен колледждерде, түрлі аймақтарда сахналанды.

«Шаңырақ» танысу жобасы арқылы 56 жұптың отбасын құруына себепкер болды. Сонымен қатар зағип жандарды Брайль жүйесі бойынша қазақ, орыс және араб тілдерінде оқыту ісін қолға алды.

Жетім балалардан тұратын «Мирас-А» футбол командасының құрылуына ұйытқы болып, олардың түрлі жарыстарда жүлделі орындарға ие болуына жол ашты.

2011-2014 жылдары қайырымдылық жұмыстарымен қатар, «Мирас насихат» республикалық рухани-мәдени басылымының бас редакторы қызметін қоса атқарды.

«Бір мүмкіндік» республикалық әлеуметтік бағыттағы музыкалық фестивалінің авторы. Бұл жоба 2018 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді.

2018 жылдан бері Дүниежүзілік зағиптар күніне орай «Қараңғыда кешкі ас», «Қараңғылықтағы әуен» сияқты ерекше форматтағы іс-шараларды ұйымдастырып келеді.

2019 жылы көзі көрмейтін жандарға арналған аудиодескрипция жобасын жасап, кино, музей және көрме нысандарын арнайы дыбыстық сипат-

тамамен қолжетімді етті. Астанадағы «Бәйтерек» монументіне де толық аудиосипаттама жасалды.

2021 жылы «Ұлы тарихи аналар» атты мәдени көрме ұйымдастырып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға үлес қосты.

2022 жылдың ақпан айынан бастап «KOZIMNIN QARASI» қазақстандық мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Сол жылы қыркүйекте «Шоудаун» (соқырлар үстел теннис) федерациясын құрып, Қазақстанда бұл спорт түрін алғаш рет жүйелі түрде дамытты. Қазір еліміздің 16 өңірінде филиалдары ашылып, республикалық жарыстар тұрақты өткізіліп келеді. Ұлттық құрама сақталып, халықаралық додаларға қатысып жүр.

«SHOWDOWN KERUEN» туры аясында еліміздің бірқатар өңірінде таныстыру іс-шаралары өткізіліп, инклюзивті туризмді дамытуға да серпін берілді.

Қазір «Инклюзивті орта» ғылыми жобасы бойынша Италия, Франция және Түркия мемлекеттерімен бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2024 жылы Швейцарияның Цюрих қаласында өткен «ZURICH OPEN» халықаралық турниріне Астана құрамасын бастап апарып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сол жылы Еуразиялық инклюзивті қоғамды дамыту қауымдастығы құрылтайшыларының бірі атанды.

2025 жылы «Qazaq Inclusive Theatre» театрының негізін қалап, ерекше жандардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жаңа мәдени алаң ашты. Қазір театр құрамында 20-ға жуық өнерпаз еңбек етеді.

Жүзбай Серік – сценарист, ақын, қоғам қайраткері. «Жаншуақ» республикалық фестивалінің жеңімпазы, «Өнерпаз болсаң» байқауының бас жүлдегері. Сондай-ақ «Батыр шапағаты» медалінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер саласының үздігі.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС



Құрметті өнерсүйер қауым!

Сіздерді ерекше әсер мен терең рухани сезім сыйлайтын музыкалық кешке шақырамыз. «Құстар әні» Қазақ оркестрі қазақ музыкасының алыбы – Нұрғиса Тлендиевтің өндері мен күйлерінен сыр шертеді.

Іс-шара 4 сәуірде, сағат 18:00-де Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өтеді.

Кеште қазақ музыкасының алтын қорына енген, жүрекке жол табатын ғажайып туындар орындалады.

Билеттерді мына сілтеме арқылы алуға болады:
<https://ticketon.kz/astana/event/kustar-ani-kosshi>

Келіңіздер! Әсем әуен мен ұлттық өнер тоғысқан рухани кештің куәсі болыңыздар!



Жүзбай Серік – 1971 жылы 12 маусымда Ақмола облысының Қорғалжын ауданына қарасты Қорғалжын ауылында дүниеге келген. Мектепті тәмамдаған соң Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, Мәскеу қаласында қызмет етті.

1994-1999 жылдары Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Ауыл шаруашылығы университетін «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1999 жылы инженер болып бастап, 2004-2010 жылдары «Ата Дәстүр жолы» ЖШС-нің басшысы қызметін атқарды.

Жүзбай Серік – көз жанарынан I топтағы мүгедектігі бар азамат. 2009-2017 жылдар аралығында 8 рет жасалған сәтсіз отадан кейін көру қабілетінен толық айырылған. Алайда ол жарық дүниені жүрек көзімен танып, өмірге деген құштарлығын жоғалт-

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77

• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📧 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz